

## **Железин ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы**

Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 маусымдағы № 31/8 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабы 1) тармақшасына, 13-бабына сәйкес, Железин аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімінің қосымшасына сәйкес Железин ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Железин аудандық мәслихатының төрағасы*

*Т.Даулетов*

Железин аудандық  
мәслихатының 2023 жылғы  
20 маусымдағы № 31/8  
шешіміне қосымша

## **Железин ауданы бойынша 2023 - 2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар**

1. Железин ауданы бойынша 2023 - 2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі осы жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 173 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" № 3-3/332 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, олардың иелерін - жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып

ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

3. Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке деген қажеттілікті арнықты қамтамасыз ету және жайылымдардың тазу процестерін болдырмау мақсатында қабылданады.

#### 4. Жоспар:

1) осы Жоспардың 1-қосымшасына сәйкес құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Железин ауданы аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын);

2) осы Жоспардың 2-қосымшасына сәйкес Железин ауданы аумағында жайылым айналымдарының қолайлы схемаларын;

3) осы Жоспардың 3-қосымшасына сәйкес жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген Железин ауданының картасын;

4) осы Жоспардың 4-қосымшасына сәйкес Железин ауданы аумағында жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын;

5) осы Жоспардың 5-қосымшасына сәйкес Железин ауданы аумағында жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын;

6) осы Жоспардың 6-қосымшасына сәйкес Железин ауданы аумағында ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасын;

7) осы Жоспардың 7-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигін;

8) осы Жоспардың 8-қосымшасына сәйкес Железин ауданы аумағында жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажы үшін қажетті жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген картаны қамтиды.

5. Ауданның табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты жайылымдар табиғи жайылымдарға жатады. Мәдени және аридті жайылымдар жоқ.

Гидрографиялық тұрғыдан ауданда қолайлы жағдай бар, өйткені аудан бойымен Ертіс өзені ағып өтеді, оның көптеген ағыстары, жерлері бар. Сондай-ақ Башмачное, Подстарое, Кызылтұз көлдері бар.

Аудан аумағында оңтүстік қара топырақты кіші аймақ топырағы басым. 20 тұқымдасқа және 70 түрге жататын кең таралған гүл өсімдіктерінің 120 түрі бар. Ең көп тараған тұқымдастар: дәнді және астрагүл шөптері.

Жайылымдық жерлердің орташа өнімділігі 3,33 центнерді құрайды. Жайылымдық мал азығының қоры 170-180 күн жайылымдық кезеңде қолданылады.

6. Железин ауданы Павлодар облысының солтүстік бөлігінде орналасқан. Солтүстіктен Ресей Федерациясының Омбы облысымен, солтүстік-шығыстан Ресей Федерациясының Новосібір облысымен, оңтүстіктен Терекөл ауданымен, шығыстан Ертіс өзенімен Павлодар облысының Ертіс ауданынан бөлінген. Әкімшілік орталығы–Железинка ауылы, Павлодар қаласынан 177 шақырым жерде орналасқан. Әкімшілік-аумақтық бөлінісі 12 ауылдық округте орналасқан 33 ауылдық елді мекеннен тұрады.

Ауданның климаты күрт континентальді, қысы суық, жазы ыстық. Қаңтарда орташа температурасы минус 18 градус Цельсийден минус 19 градус Цельсийге дейін, шілдеде 19 градус Цельсийден плюс 20 градус Цельсийге дейін. Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері – 275,5 миллиметр, кейде 300 миллиметрге дейін. Жауын-шашынның ең көп мөлшері маусым-шілде соңында, кейде тамызда түседі. Жауын-шашынның едәуір бөлігі жылдың жылы мезгілінде келеді, бірақ олар жиі нөсер түрінде түседі, сондықтан ылғал топыраққа түспейді. Вегетация кезеңінде өсімдік ылғалдың тапшылығын сезінеді. Қар жамылғысы 10 сантиметрге дейін қараша соңында орташа есеппен белгіленеді, ең жоғары биіктікке қараша соңында жетеді, ең жоғары биіктікке ақпан соңында - наурыз басында жетеді.

7. Аудан жерлерінің жалпы жер көлемі 766 772 гектар (бұдан әрі-га), соның ішінде жайылымдар – 172 020 га.

Санаттары бойынша жерлер келісідей бөлінеді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 453 646 га;

елді мекендердің жерлері – 127 271 га, оның ішінде жайылым 97 852 га;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер – 4 479 га;

орман қорының жерлері – 41 594 га;

су қорының жерлері – 2 543 га;

қордағы жерлері – 137 238 га.

Железин ауданында жер балансының мәліметтері бойынша жалпы ауданы 453 646 га 277 ауыл шаруашылығы құрылымдары есепте тұр, оның ішінде жайылымдар 172 020 га, оның ішінде:

- 171 шаруа және фермер қожалықтары 190 648 га, оның ішінде жайылым 74 053 га;
- 46 шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам мен ауыл шаруашылық кооперативтері 250 880 га, оның ішінде жайылымдар – 87 024 га;
- басқа 59 кәсіпорын (азаматтар) 12 111 га, оның ішінде жайылымдар 10 944 га.


8. Аудан аумағындағы жайылымдардың негізгі пайдаланушылары ауыл шаруашылығы құрылымдары болып табылады. Елді мекендердегі тұрғындардың малдары тағайындалған жерлерде бағылады.

9. Аудан аумағында ветеринариялық-санитарлық 52 объект жұмыс істейді, соның ішінде 40 мал көміндісі, 12 мал дәрігерлік пункт.









10. Железин ауданында малды айдап өтуге арналған сервитуттар белгіленбеген.

Железин ауданы бойынша  
2023 - 2024 арналған жылға  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
1-қосымша

**Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Железин ауданы аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (қартасы)**




Шартты белгілер:










-  Ауылдық округтердің шекарасы
-  Егістік
-  Жайылымдар
-  Ұңғымалар
-  Кезеңділікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Кезектілікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Елді мекен орталығы
-  Жер учаскелерінің меншік иелері

Железин ауданы бойынша  
2023 - 2024 арналған жылға  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
2-қосымша

**Железин ауданы аумағында жайылым айнылымдарының қолайлы схемалары**




Шартты белгілер:










-  Ауылдық округтердің шекарасы
-  Егістік
-  Жайылымдар
-  Ұңғымалар
-  Кезектілікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Кезектілікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Елді мекен орталығы
-  Көктемгі және жазғы уақытта пайдаланылатын жайылымдар
-  Күзгі және қысқы уақытта пайдаланылатын жайылымдар

Железин ауданы бойынша  
2023 - 2024 арналған жылға  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
3-қосымша

Железин ауданы жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы




Шартты белгілер:












-  Ауылдық округтердің шекарасы
-  Егістік
-  Жайылымдар
-  Ұңғымалар
-  Кезеңділікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Кезектілікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Елді мекен орталығы
-  Ішкі шекарасы 97 852 га
-  Сыртқы шекарасы 144 580 га

Железин ауданы бойынша  
2023 - 2024 арналған жылға  
жайылымдарды басқару

**Железин ауданының аумағында жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы**




Шартты белгілер:

-  Ауылдық округтердің шекарасы
-  Егістік
-  Жайылымдар
-  Ұңғымалар
-  Кезеңділікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Кезектілікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Елді мекен орталығы
-  Ішкі шекарасы 97 852 га
-  Сыртқы шекарасы 144 580 га
-  Су қоймалары
-  Су көздеріне қол жеткізу













Железин ауданы бойынша  
2023 - 2024 арналған жылға  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
5-қосымша

**Железин ауданы аумағында жайылымы жоқ жеке (немесе) заңды тұлғалардың ауыл  
паруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу  
және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы**




Шартты белгілер:











-  Ауылдық округтердің шекарасы
-  Егістік
-  Жайылымдар
-  Ұңғымалар
-  Кезеңділікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Кезектілікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Елді мекен орталығы
-  Ішкі шекарасы 97 852 га
-  Сыртқы шекарасы 144 580 га
-  Берілген жайылымдарда ауыстыру

Железин ауданы бойынша  
2023 - 2024 арналған жылға  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
6-қосымша

**Железин ауданы аумағында ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналыстыру схемасы**



Шартты белгілер:

-  Ауылдық округтердің шекарасы
-  Егістік
-  Жайылымдар
-  Ұңғымалар
-  Кезеңділікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Кезектілікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Елді мекен орталығы
-  Ішкі шекарасы 97 852 га
-  Сыртқы шекарасы 144 580 га
-  Шалғайдағы жайылымдар


Железин ауданы бойынша  
2023 - 2024 арналған жылға  
жайылымдарды басқару

**Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын  
белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі**










Р/с №	Ауылдық округтің атауы	Жайылымдарға малдарды айдап шығару мерзімі	Жайылымдардан малдарды қайтару мерзімі
1	Ақтау ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның
2	Алакөл ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның
3	Башмачин ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның
4	Веселорощин ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның
5	Еңбекші ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның
6	Железин ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның
7	Қазақстан ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның
8	Лесной ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның
9	Михайлов ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның
10	Новомир ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның
11	Озерный ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның
12	Прииртышск ауылдық округі	25-30 сәуірдің	25-30 қазанның

Железин ауданы бойынша  
2023 - 2024 арналған жылға  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
8-қосымша

**Железин ауданы аумағында жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы  
ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті  
жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары бедгіленген картаны**



Шартты белгілер:

-  Ауылдық округтердің шекарасы
-  Егістік
-  Жайылымдар
-  Ұңғымалар
-  Кезеңділікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Кезектілікпен пайдаланылатын жайылымдар
-  Елді мекен орталығы
-  Ішкі шекарасы 97 852 га
-  Сыртқы шекарасы 144 580 га